

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Тәжікстан Республикасына жарылғыш материалдардың (тринитротолуол) транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 15 маусым N 895

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екі ұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143 _ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1511 келісім-шарт бойынша "Химзавод" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы (Исфара қаласы, Ленинабад облысы) үшін "Заря" қазыналық химия заводы (Рубежное қаласы, Луганск облысы) беретін 1-қосымшаға сәйкес мөлшердегі жарылғыш заттардың (тринитротолуол) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Тәжікстан Республикасына транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Халықаралық теміржол жүк қатынасы туралы келісімнің Қауіпті жүктерді тасымалдау ережелеріне (2-қосымша) және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қауіпсіздіктің ерекше шараларын қамтамасыз ете отырып, жүкті 2 және 3-қосымшаларға сәйкес тиеу кестесіне орай және қозғалыс бағыты бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы темір жол көлігімен транзиттік тасымалдауды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың (тринитротолуол) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 15 маусымдағы
N 895 қаулысына
1-қосымша

19.11.1999 жылғы N 1511 келісім-шарт бойынша "Заря"
қазыналық химия заводы (Рубежное қаласы), "Химзавод" ашық
үлгідегі акционерлік қоғамына (Исфара қаласы) беретін
тауарлардың
өзіндік ерекшелігі

P/c! Тауардың атауы ! Өлшем ! Саны ! АҚШ ! АҚШ
N ! ! бірлігі ! !доллары. !долларымен
! ! !мен бағасы!жалпы құны

- | | | | | |
|---|-------|------|-----|---------|
| 1. Гранулданған тринитротолуол
ГОСТ 25857-83 | тонна | 1000 | 705 | 705000 |
| 2. Қабыршықтанған тринитротолуол | тонна | 2000 | 725 | 1450000 |

Келісім-шарттың жалпы сомасы:

2155000

Екі миллион бір жүз елу бес мың АҚШ доллары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 15 маусымдағы
N 895 қаулысына
2-қосымша

19.11.1999 жылғы N 1511 келісім-шарт бойынша "Заря" қазыналық химия
заводы (Рубежное қаласы), "Химзавод" ашық үлгідегі акционерлік қоғамына
(Исфара қаласы) өнімдер жөнелтуінің 2000 жылға арналған
кестесі

P/c! Өнімнің атауы ! Өлшем !Барлығы !Оның ішінде тоқсандар
N ! ! бірлігі ! бір ! бойынша
! ! ! жылға !-----
! ! ! II ! III ! IV

1. Тринитротолуол тонна 3000 500 1000 1500

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 15 маусымдағы
N 895 қаулысына
3-қосымша

2000 жылы беруге арналған жарылғыш заттардың
(тринитротолуол) қозғалысының
бағыты

Жарылғыш заттардың (тринитротолуол) қозғалу бағыты мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Жөнелту станциясы: Рубежное, Донская т.ж;

Баратын станциясы: Исфара;

Шекарадан өту станциясы: Озинки - Шенгелді (Қазақстан).

Алушы: "Химзавод" АҰАҚ компаниясы, Исфара қаласы, Тәжікстан.

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Орынбекова Д.Қ.